



9 | ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Тәрбие бөлімі мен кітапханашылардың ұйымдастыруымен Жамбыл облыстық мүгедектерді оңалту және бейімдеу орталығында 15 сәуір кітап сыйлау күніне орай «Кітапханаға кітап сыйла» атты акция ұйымдастырылуына байланысты мүгедектігі бар жандарға қайырымдылық ретінде кітаптар сыйлады. Қайырымдылық акциясына қатысып, белсенділік танытқаны үшін Жамбыл жоғары медициналық колледжі директоры Ж.Н.Сарыбекова алғыс хатпен марапатталды.



«SENIM» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы ұйымдастырған «Еңбек заңнамасы. Медицина қызметкерлерін құқықтық қорғау» тақырыбындағы өңірлік семинарға колледждің Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.М.Мұраталиева, студенттер кәсіподақ ұйымының төрағасы Д.Е.Амантаев қатысып Сертификатқа ие болды.



27-28.04.2023ж. Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы ұйымдастырған Қонаев қаласында өткен колледж кітапханашыларына арналған "KitapFEST-2023 білім әлемінде" тақырыбындағы Республикалық семинарға колледждің кітапхана библиографы А.Т. Байкенжеева қатысып, Сертификатқа ие болды.



Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы ұйымдастырған "RodoCompProject" республикалық студенттік робототехника фестиваліне Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 101 топ студенттері А.Берқалы, Ж.Мазбай, З.Елемес, А.Ізтілеу "IT жобалар" бағыты бойынша қатысып, жүлделі III Дәрежелі Дипломмен марапатталды. Жетекшісі: А.Е.Исмаилова.



Омбы облысының Денсаулық сақтау министрлігі Омбы облысының "Медицина колледжі" Бюджеттік кәсіптік білім беру мекемесі, "Шет тілі" пәнін оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің V Өңіраралық сырттай конкурсы, «Методическая разработка учебного занятия» номинациясы бойынша II орыналған Жамбыл жоғары медициналық колледжінің оқытушысы А.С. Атамбаева Дипломмен марапатталады.



"Братск медициналық колледжі" облыстық мемлекеттік бюджеттік кәсіптік білім беру мекемесі (ОМБКБМ БМК). Медициналық бейіндегі кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері «Выдающие врачи, прославившие российскую медицину» шет тіліндегі мультимедиялық презентациялардың өңіраралық сырттай конкурсына колледждің 106 топ студенті А.А.Абдрашитова, 117 топ студенті Р.Стратула қатысып Сертификатқа ие болды. Жетекшілері: Б.А.Қырықбаева, Қ.А.Тойланбаева.



Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігі, «Мағжан әлемі» республикалық журналының ұйымдастыруымен өткен «Мағжан оқулары» конкурсына «Өлең-менің Шолпаным, Айым, Күнім» бағыты бойынша колледждің 106 топ студенті А.А.Абдрашитова қатысып, жүлделі I орын Диплом, Сертификатпен марапатталды. Жетекшісі: Б.А.Қырықбаева



Республикалық "ZERDE" зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар байқауына колледждің 151Ф-11/22 топ студенті М.Валижанова қатысып, жүлделі III Дәрежелі Дипломымен марапатталды.



Павлодар облысының Денсаулық сақтау басқармасы "Павлодар медициналық жоғары колледжі" ШЖҚ КМК ұйымдастырған "Халықтың өмірі мен денсаулығының сапасы" атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 235Ф-11/21 топ студенті Д.К.Рижалова қатысып, Сертификатқа ие болды. Ғылыми жетекшісі: Р.Т.Нурбаева, Қ.Т.Андакулова.



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

1 | ЖАС МАМАНДАР ОТЫРЫСЫ

2022-2023 оқу жылында келген жас мамандарға көмек көрсету, бағыт-бағдар беру мақсатында «Оқытушылардың педагогикалық және психологиялық мәдениеті» тақырыбында әдістемелік мектеп отырысы.

2 | Қ.И.СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 124 ЖЫЛ

Рухани-адамгершілік патриоттық тәрбие беру мақсатында Қ.И.Сәтбаев көрмесі және, "Қаныш Сәтбаев: өмірі мен еңбегі" тақырыбында кураторлық сағаттар.

3 | ЦӘК АПТАЛЫҒЫ

№3 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндер ЦӘК-н ұйымдастыруымен, "CITIUS, ALTIUS, FORTIUS" тақырыбындағы апталық.

4 | 1 МАМЫР-ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

«Единство народа – несокрушимая крепость» тақырыбындағы ашық тәрбие сағаты.

5 | АШЫҚ САБАҚ

Оқытушы М.Қ.Айнакулов «Денешынықтыру» пәнінен, Ұ.Б.Түлегенова «Мейіргер ісінің негіздері» пәнінен ашық сабақ өткізді.

6 | "ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ-2023" КӘСІБИ САЙЫС

«Жедел жәрдем аумағы-2023» тақырыбында колледжде оқытушы-жаттықтырушы Б.Т.Ержановтың ұйымдастыруымен кәсіби сайыс өткізілді.

7 | КЕЗДЕСУ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің басшысы Л.К.Илебаев колледж студенттерімен кездесу.

8 | ДӘРІС

«Жасөспірімнің ағзасына алкоголь, темекі, есірткі заттарының әсері» тақырыбындағы дәріс.


9 | ҚҰТТЫҚТАУ

Колледж оқытушылары мен студенттердің жеткен жетістіктері.

Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі.
Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.



1 | ЖАС МАМАНДАР ОТЫРЫСЫ



18.04.2023ж. Оқу-әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен 2022-2023 оқу жылында келген жас мамандарға көмек көрсету, бағыт-бағдар беру мақсатында «Оқытушылардың педагогикалық және психологиялық мәдениеті» тақырыбында әдістемелік мектеп отырысы өтті.

- Күн тәртібінде:
- «Мейіргер ісі негіздері пәнін оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдер» бойынша тренинг сабақ (15-20 минуттық).
Жауапты: «Мейіргер ісі негіздері» пәнінің оқытушысы А.Т.Парманова.
 - «Студенттерді дұрыс бағалай білеміз бе?». Кредиттік технологиялық оқыту жүйесі бойынша студенттер үлгерімін бағалау.
Жауапты: «Терапия» пәнінің оқытушысы Б.С.Мадимарова.
 - Оқу әдістемелік кешенді даярлауда қойылатын талаптар құрылымы. Жауапты: «Химия» пәнінің оқытушысы Б.А.Сағындықова.
 - Жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу техникасы.
Жауапты: «Ішкі-аурулар» пәнінің оқытушысы А.Қ.Баєтова.
 - «Worldwall» бойынша сабақ хронологиясын сәйкестендіру ойыны. Жауапты: әдіскер А.К.Коконбаева.

2 | Қ.И.СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 124 ЖЫЛ



20.04.2023ж. Колледждің "Coworking" оқу орталығында кітапханашылардың ұйымдастыруымен рухани-адамгершілік патриоттық рухы беру мақсатында Қ.И.Сәтбаев көрмесімен танысу өтті. Қ.Сәтбаев (1899-1964) - геолог-ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик. Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті. Қазақ КСР академиясының академигі, Кеңес Одағының және Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтан шыққан тұңғыш академик. Білімгерлер Қ.Сәтбаевтың өмірбаяны мен қызметтік жолы, кітап көрмесімен 135, 223, 225, 115 топ студенттері танысты.



24.04.2023ж. Қ.И.Сәтпаевтың туғанына 124 жыл толуына орай колледжде келесі тақырыптарда тәрбие сағаттары өткізілді: "Қаныш Сәтпаев: өмірі мен еңбегі", 205 М-9/21 топ, кураторы: Р.К.Тұрсынбаева, "Қаныш Сәтпаев: өмірі мен еңбегі", 209 ЕФ-9/21 топ, кураторы: Қ.О.Чинаилова, "Қаныш Сәтпаев қазақтың тұңғыш ғылым академигі" 120 ЕФ-9/22, кураторы: Ж.Ш.Жұмағазы

3 | ЦӘК АПТАЛЫҒЫ



10.04.2023ж. Колледждің №3 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндер ЦӘК-нің ұйымдастыруымен, сәуір айының 10-14 аралығында "CITIUS, ALTIUS, FORTIUS" тақырыбында апталығы өтті.

Апталықтың мақсаты: колледж студенттерін салауатты өмір салтын ұстануға шақыру, спортпен шұғылдануға баулу, дене шынықтыру пәніне деген қызығушылығын арттыру, отансүйгіштікке және ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Колледж алаңында баскетбол себеті, дартс (нысана) орналастырылды. Себетке допты дәл түсіру, нысананы дәлдеп ату ойындары ұйымдастырылды. Ойын шартын орындаған ойыншыға сыйлықтар берілді.




11.04.2023ж. Колледж алаңында спорт түрлеріне арналған көрме өткізілді. Көрмеде – дене шынықтыру пәнінің оқытушылары мен I курс студенттері бірлесе отырып, әр спорт түрінде қолданылатын құрал-жабдықтарын көрермендерге ұсынды. Көрменің мақсаты: колледжіміздің студенттеріне жалпы спорт түрлері туралы мағлұмат беру және спортта қолданылатын құрал-жабдықтарымен таныстыру.

12.04.2023ж. Еліміздің болашағы жалынды жастарымен кездесуге – спортсмен, жүзуден Қазақстан Республикасының Халықаралық деңгейдегі спорт шебері, Қазақстанның Паралимпиада құрамасының капитаны – З.Р. Габидуллина келді. Кездесуде спортшымен сұхбат жүргізіліп, студенттер өздерін толғандырып жүрген сұрақтарына жауаптарын алды. Спорт шебері өзінің өмір жолы, спорттағы жетістіктері туралы студенттерге қызықты әңгімелерін баяндады.



13.04.2023 жылы «CITIUS, ALTIUS, FORTIUS» тақырыбында ЦӘК апталығының ұйымдастырылуына орай, I курс студенттері арасында «Сапта жүріп ән айту» байқауы өткізілді. Мақсаты: колледж студенттерінің патриоттық сезімдерін ояту және Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәніне деген қызығушылықтарын арттыру.

14.04.2023ж. Колледждің I курс студенттері арасында 7-сәуір Бүкіл дүниежүзілік денсаулық күні мерекесіне орай спорттық би жарысы өткізілді. Жарыстың мақсаты: колледж студенттері арасында дәстүрлі емес спорт түрлерін дамыта отырып, дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысуға дағдыландыру.



14.04.2023ж. Колледждің I курс студенттері арасында 7-сәуір Бүкіл дүниежүзілік денсаулық күні мерекесіне орай спорттық би жарысы өткізілді. Жарыстың мақсаты: колледж студенттері арасында дәстүрлі емес спорт түрлерін дамыта отырып, дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысуға дағдыландыру.



14.04.2023ж. Колледждің I курс студенттері арасында 7-сәуір Бүкіл дүниежүзілік денсаулық күні мерекесіне орай спорттық би жарысы өткізілді. Жарыстың мақсаты: колледж студенттері арасында дәстүрлі емес спорт түрлерін дамыта отырып, дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысуға дағдыландыру.

4 | 1 МАМЫР-ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ



28.04.2023ж. Колледжде «Единство народа – несокрушимая крепость» тақырыбында фармацевтикалық пәндер оқытушысы – Ж.Т.Советбек 150Ф-11/22, 151Ф-11/22, 152Ф-11/22 топтармен ашық тәрбие сағатын өткізді. Ашық тәрбие сағатының мақсаты: Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру, ұлтаралық сыйластықты нығайту. Іс-шараға арнайы қонақтар шақырылды: Жамбыл облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» бөлімінің жетекші сарапшысы - Р.Ерханұлы және РОО «Ассамблея жастарының» мүшесі және болгар ұлтының өкілі – А.Айдаралы. Мерекелік іс шара барысында түрлі ұлттар өнер көрсетті: орыс, әзірбайжан, татар, күрді, өзбек, грузин және қазақ. Әр ұлт өз тілінде тілегін айтып, ұлттық тағамдарынан дәм татқызды.

28.04.2023ж. Колледжде «Единство народа – несокрушимая крепость» тақырыбында фармацевтикалық пәндер оқытушысы – Ж.Т.Советбек 150Ф-11/22, 151Ф-11/22, 152Ф-11/22 топтармен ашық тәрбие сағатын өткізді. Ашық тәрбие сағатының мақсаты: Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру, ұлтаралық сыйластықты нығайту. Іс-шараға арнайы қонақтар шақырылды: Жамбыл облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» бөлімінің жетекші сарапшысы - Р.Ерханұлы және РОО «Ассамблея жастарының» мүшесі және болгар ұлтының өкілі – А.Айдаралы. Мерекелік іс шара барысында түрлі ұлттар өнер көрсетті: орыс, әзірбайжан, татар, күрді, өзбек, грузин және қазақ. Әр ұлт өз тілінде тілегін айтып, ұлттық тағамдарынан дәм татқызды.

5 | АШЫҚ САБАҚ



10.04.2023 ж. Колледждің №3 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндер циклдык әдістемелік комиссиясының оқытушысы М.Қ.Айнақұлов «Мейіргер ісі» бөлімі, 108М-9/22 топ студенттерімен «Дене шынықтыру» пәнінен «Жеңіл атлетика. Орта қашықтыққа жүгіру әдісін үйретіп дамыту(800,1000м.)» тақырыбында ашық сабақ өтті.



02.05.2023 ж. Колледждің №3 арнайы пәндер циклдык әдістемелік комиссиясының оқытушысы Ұ.Б.Түлегенова «Мейіргер ісі» бөлімі, 213М-9/21 топ студенттерімен «Мейіргер ісінің негіздері» пәнінен «Бұлшық ет ішіне егу жасау техникасы. Антибиотиктерді еріту.» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

6 | "ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ АУМАҒЫ-2023" КӘСІБИ САЙЫС



25.04.2023 ж. «Жедел жәрдем аумағы-2023» тақырыбында колледжде оқытушы-жаттықтырушы Б.Т.Ержановтың ұйымдастыруымен кәсіби сайыс өткізілді. Кәсіби сайыстың басты мақсаты: болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін дайындау және игеру деңгейін анықтау, НОК тапсыруға ынтаны арттыру. Шұғыл жәрдем сапасын арттыру, сабақтастық, коммуникативтілік, жұмыстағы үйлесімділік. Білім алушылардың кәсіби өсуіне және психологиялық құзыреттілігіне ықпал ету. Сайыс 2 кезеңнен тұрды. 1 кезең – теориялық (тестілеу) кезең, 2 кезең – тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру кезеңі.

7 | КЕЗДЕСУ



26.04.2023 ж. «Адалдық жүрген жерде-адамдық жүреді» тақырыбында, №3 арнайы пәндер ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен адалдық сағаты өтті. «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында №3 арнайы пәндер ЦӘК төрайымы Парманова А.Т. баяндама оқылды. Кездесу кешіне шақырылған қонақтар: Медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстан Республикасы Медициналық-профилактикалық академиясының толық мүшесі, КСРО-ның еңбек сіңірген дәрігері, Қырғыз КСР-нің еңбек сіңірген дәрігері, Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері, Кардиохирургия және трансплантология ғылыми-зерттеу клиникалық орталығы директоры С.Ж.Жошыбаев. Кардиохирургия және трансплантология ғылыми-зерттеу клиникалық орталығы директордың кеңесшісі, Медицина ғылымдарының докторы, профессор Б.Т.Түлебеков. ҚР на ерен еңбегін сіңірген дәрігері, Денсаулық сақтау ісінің үздігі, «Алтын дәрігер», Гиппократ орденінің иегері, медицина ғылымдарының кандидаты Т.Қ.Саурбаев. Кездесуге шақырылған қонақтарға сөз беріліп, студенттер арасындағы пікір алмасып, студенттер көптеген ақпараттар алыды. Кездесу кеші өз деңгейінде, қызықты өтті.

27.04.2023 ж. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің басшысы Л.Қ.Илебаев колледж студенттерімен кездесу өткізді. Кездесу барысында мемлекеттік қызметтің маңыздылығы мен қажеттілігі, мемлекеттік сектордың басқару әлеуеті және «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» Заңына енгізілген өзгерістер жайлы айтылды. Студенттер мемлекеттік қызмет көрсету саласы бойынша өз көкейлерінде жүрген сауалдарын қойып, жауап алды. Л.Қ.Илебаев колледждің материалдық-техникалық базасымен, интерактивті заманауи оқу құралдарымен танысып, жоғары баға беріп кетті.



27.04.2023 ж. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің басшысы Л.Қ.Илебаев колледж студенттерімен кездесу өткізді. Кездесу барысында мемлекеттік қызметтің маңыздылығы мен қажеттілігі, мемлекеттік сектордың басқару әлеуеті және «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» Заңына енгізілген өзгерістер жайлы айтылды. Студенттер мемлекеттік қызмет көрсету саласы бойынша өз көкейлерінде жүрген сауалдарын қойып, жауап алды. Л.Қ.Илебаев колледждің материалдық-техникалық базасымен, интерактивті заманауи оқу құралдарымен танысып, жоғары баға беріп кетті.

8 | ДӘРІС



12.04.2023ж. Колледже Наркобекет жетекшісінің ұйымдастыруымен, 7 сәуір-Дүниежүзілік денсаулық сақтау күніне орай, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында, «Салауатты өмір салты – сәнді! «Жасөспірімнің ағзасына алкоголь, темекі, есірткі заттарының әсері» тақырыбында дәріс өткізілді. Жамбыл облыстық психикалық денсаулық орталығының дәрігер наркологы Е.И.Ли студенттерге дәріс оқыды. Дәріс барысында студенттер көкейлерінде жүрген сұрақтарына толық жауап алды. Жауапты: Наркобекет жетекшісі: К.К.Жунисова.